

«Кемел кәсіби даму орталығы»



«Kemel kasibi damu ortalygy LTD»

«Педагог-логопедтің кәсіби қызметін ұйымдастыру: сөйлеу тілінің даму деңгейін бағалау, түзете-дамыту жұмысы және нәтижелерді талдау»

МДҰ, арнайы білім беру ұйымдары, жалпы және қосымша білім беру ұйымдарының педагог логопедтеріне арналған курс біліктілікті арттыру курсының

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сағат саны: 80, 108 ақ.сағ.

Алматы 2025

1. Жалпы ережелер

Курс аннотациясы

«Педагог-логопедтің кәсіби қызметін ұйымдастыру: сөйлеу тілінің даму деңгейін бағалау, түзете-дамыту жұмысы және нәтижелерді талдау» біліктілікті арттыру бағдарламасы педагог-логопедтердің кәсіби дағдылары мен әдістемелік құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған. Курс логопедиялық диагностиканың заманауи тәсілдерін, тиімді түзету-дамыту жұмысының ұйымдастырылуы мен жүргізілуін, сондай-ақ оның нәтижелерін бағалауды қамтиды.

Бағдарлама мазмұны педагог-логопедтердің сөйлеу тілін түзетуге арналған инновациялық және практикалық технологияларды, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен логопедиялық жұмыстың ерекшеліктерін, кәсіби құжаттаманы жүргізу мен жасалған жұмыстың тиімділігін мониторингтеу дағдыларын меңгеруін көздейді. Бағдарлама айқын практикалық бағытқа ие: тыңдаушылар әдістемелік ұсынымдармен, диагностикалық құралдармен, құжаттар шаблондары және нақты логопедиялық тәжірибеден алынған мысалдармен қамтамасыз етіледі.

Бағдарламаның өзектілігі

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың қазіргі жағдайы педагог-логопедтен кәсіби даярлықтың жоғары деңгейін, сөйлеу бұзылыстары бар балалармен диагностикалық және түзету-дамыту жұмысын жүргізудің тиімді әдістерін меңгеруді талап етеді. Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалар санының артуы педагог-логопедтердің білімін, дағдыларын үнемі жетілдіру қажеттігін тудырады.

Педагог-логопедтің коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруда оң нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз ететін инновациялық және практикаға бағытталған технологияларды қолдана білуі ерекше маңызға ие. Инклюзивті білім беруге қойылатын қазіргі талаптар жағдайында педагог-логопедтің аутистік спектр бұзылыстары, зияткерлік және тірек қимыл-қозғалысында, сондай-ақ есту қабілеті бұзылған балалармен тиімді жұмыс істеуге дайындығы аса маңызды.

Ұсынылып отырған бағдарламаның өзектілігі педагог-логопедтердің диагностика, түзету-дамыту қызметі, нәтижелерді бағалау мен мониторинг саласындағы кәсіби құзыреттілігін арттыру қажеттігімен айқындалады. Бұл сөйлеу бұзылыстары бар балаларға білім беру ұйымдарында сапалы білім беру қолдауын көрсетуге ықпал етеді.

Мемлекеттік басымдықтармен және әлемдік трендтермен байланысы

Мемлекеттік басымдықтармен байланысы

Бағдарлама Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру және ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қолдау көрсететін білікті мамандарды даярлау жөніндегі стратегиялық міндеттерге сәйкес келеді. Педагог-логопедтердің құзыреттілігін арттыру – барлық балаларға тең жағдай мен мүмкіндік жасауды, бұзылыстарды ерте анықтауды және кәсіби қолдауды қамтамасыз

етуге бағытталған мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың тікелей көрінісі.

Заманауи диагностикалық және түзету-дамыту технологияларын меңгерген педагог-логопедтерді даярлау – білім беруді дамыту жөніндегі ұлттық жобалар мен бағдарламаларда көзделген, елімізде қолжетімді әрі сапалы білім беру ортасын қалыптастырудың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Әлемдік трендтермен байланысы

Ұсынылған бағдарлама логопедия және арнайы білім беру саласындағы қазіргі әлемдік үрдістерге сәйкес келеді. Онда ерте диагностикаға, білім беру процесін дараландыруға және сөйлеу мен коммуникациялық дағдыларды дамытуда кешенді тәсілдерді қолдануға баса назар аударылады.

Халықаралық тәжірибе сөйлеу бұзылыстары бар балалармен жұмыста баламалы және қосымша коммуникация, нейромоторлық және сенсорлық-интегративтік тәсілдер, логопед жұмысында цифрлық және интерактивті құралдарды қолданудың жоғары тиімділігін көрсетеді.

Бағдарлама логопедия саласындағы озық халықаралық зерттеулер мен шетелдік мамандардың тәжірибесін, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың ұсынымдарын ескере отырып әзірленген. Бұл Қазақстан логопедиялық тәжірибесінің жаһандық білім беру кеңістігіне интеграциялануын қамтамасыз етеді.

2. Глоссарий

Инклюзивті білім беру — ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін үдеріс.

Психологиялық-педагогикалық қолдау – білім беру ұйымдарында жүзеге асырылатын, ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларға (балаларға) арналған ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде оқу мен дамуға қолайлы әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдай жасалатын жүйелі түрде ұйымдастырылған қызмет.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау – белгілі бір әрекет түрін орындауға қабілеттілікті қалпына келтіруге немесе өтеуге бағытталған қызметтер мен іс-шаралар кешені.

Мүмкіндіктері шектеулі бала (балалар) – он сегіз жасқа дейінгі, туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған аурулар немесе жарақат салдарынан өмірлік қызметі шектелген, физикалық және (немесе) психикалық кемістіктері бар бала (балалар), олардың жай-күйі заңда белгіленген тәртіппен расталған.

Түзету-дамыту бағыты – дамудағы ауытқуларды жеңуге жағдай жасау.

Ерте педагогикалық көмек – баланың дамуындағы бұзылыстарды ерте анықтау.

Сараланған және жеке тәсіл – түзету жұмысында әдістерді, формалар мен құралдарды таңдауда әр баланың жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеру.

Жеке тұлғаға бағдарланған тәсіл – баланың дара дамуын қолдау және оның әлеуетін ашу.

Жеке білім беру бағдарламасы (ЖББ) – ерекше білім беру қажеттіліктері, мүмкіндіктері және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) ұсынымдары ескеріліп, нақты білім алушыға арнап әзірленетін, білім беру мазмұнын меңгеруге жағдай жасайтын білім беру бағдарламасы.

Ерекше білім беру қажеттіліктері – сапалы білім алуға мүмкіндік бермейтін оқу-даму үдерісінде көрсетілетін көмек пен қызметтерге қажеттілік.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алуға қажетті арнайы жағдайларды анықтау.

Білім алуға арналған арнайы жағдайлар – оқу бағдарламаларын ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балалардың меңгеруін қамтамасыз етуге қажетті оқу, арнайы, жеке дамытушы және түзету-дамыту бағдарламалары мен оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, өмір сүру ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдауды, медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын жағдайлар.

Мүмкіндіктері шектеулі бала (балалар) – он сегіз жасқа дейінгі, туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған аурулар немесе жарақат салдарынан өмірлік қызметі шектелген, физикалық және (немесе) психикалық кемістіктері бар бала (балалар), олардың жай-күйі заңда белгіленген тәртіппен расталған.

Педагогикалық зерттеу – тиісті жас нормативтерін ескере отырып, балалардың зияткерлік даму ерекшеліктері мен ойын әрекетіне, білім алуға және қарым-қатынас жасауға әлеуетті мүмкіндіктерін анықтау.

Дизартрия- сөйлеу аппаратының иннервациясының жеткіліксіздігінің салдарынан сөйлеу тілінің дыбыс айтуының бұзылуы.

Алалия – туылғанға дейін немесе бала дамуының ерте кезеңінде бас ми қабығының сөйлеу аяларының органикалық зақымдану салдарынан болған сөйлеу тілінің дамымауы немесе мүлдем жоқ болуы.

Дислалия - есту қабілеті дұрыс және сөйлеу тілі аппаратының иннервациясы сақталған қалпында сөйлеу тіліндегі дыбыстардың айтылуының бұзылуы

Тұтықпа – сөйлеу мүшелерінің бұлшық еттерінің тырысу салдарынан сөйлеудің ырғақтылығы мен жылдамдылығының бұзылуы

Логопедиялық диагностика – түрлі тексеру әдістерін қолдану барысында сөйлеу жүйесінің әртүрлі компоненттеріндегі бұзылыстарды анықтауға, олардың сипатын, деңгейін, күрделілігін және сөйлеу дамуының әлеуетті мүмкіндіктерін айқындауға бағытталған үдеріс.

Сөйлеу тілінің бұзылысы – сөйлеу әрекетінің механизмдерінің жұмысының қалыптан ауытқуы, бұзылуы.

Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы – есту қабілеті мен зияты қалыпты дамыған балаларда сөйлеу тілі жүйесінің барлық компоненттерінің

(дыбыстық, лексикалық және грамматикалық) қалыптасуының бұзылуымен сипатталатын күрделі сөйлеу тілінің бұзылысы.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Бағдарламаның жаңашылдығы

Педагог-логопедтердің біліктілігін арттыру бағдарламасының жаңашылдығы тиімді диагностика, түзету-дамыту жұмысы және педагог-логопедтің қызметінің нәтижелерін бағалау үшін қажетті кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруге бағытталған кешенді тәсілмен айқындалады.

Бағдарлама халықаралық стандарттарға сай келетін және Қазақстанның білім беру тәжірибесіне бейімделген заманауи диагностикалық құралдар мен кешенді әдіс-тәсілдерді қамтиды.

Бағдарламаның ерекшелігі – логопед қызметінде инновациялық тәсілдер мен әдістерді қолдануға басымдық беруінде: баламалы және қосымша коммуникация, нейромоторлық техникалар (логопедиялық массаж, тейптеу), сенсорлық интеграция технологиялары, сондай-ақ сабақтың тиімділігін арттыру үшін цифрлық білім беру құралдарын пайдалану.

Бағдарламаның маңызды жаңалығының бірі – педагог-логопедтің кәсіби дамуын ұйымдастыруға арналған модульдердің интеграциясы. Атап айтқанда, авторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды әзірлеу дағдыларын меңгеру, сондай-ақ нақты педагогикалық қызметті бейнелейтін практикалық кейстерді талдау көзделген.

Бағдарламада алғаш рет күрделі бұзылыстары бар балалармен жұмыстың заманауи әдістерін мақсатты түрде зерделеу және ата-аналармен тиімді қарым-қатынасты орнату мен үй жағдайындағы жұмысты ұйымдастыру тәсілдерін меңгеру арқылы практикалық бағытты күшейту қарастырылған.

Бағдарлама тек мазмұнының өзектілігімен және заманауи педагогикалық технологияларды енгізумен ғана емес, сонымен қатар педагог-логопедтің кәсіби дамуына жүйелі көзқараспен ерекшеленеді, бұл маманның қазіргі білім беру ортасында кәсіби міндеттерді тиімді шешуге дайындығын қамтамасыз етеді.

Білім беру жүйесіндегі баламаларға талдау

Педагог-логопедтердің біліктілігін арттыруға арналған ұсынылып отырған бағдарлама Қазақстан Республикасының қосымша педагогикалық білім беру жүйесінде тікелей баламасы жоқ бірқатар маңызды ерекшеліктер мен артықшылықтарға ие.

Біріншіден, педагог-логопедтерге арналған қолданыстағы бағдарламалардың көпшілігі негізінен сөйлеу тілі бұзылыстарын диагностикалау мен түзетудің дәстүрлі әдістеріне бағытталған болса, бұл бағдарлама баламалы және қосымша коммуникация, логопедиялық массаж, тейптеу, сенсорлық интеграция және цифрлық білім беру ресурстарын қолдану сияқты заманауи тәсілдер мен технологияларды жүйелі түрде біріктіреді.

Екіншіден, ұсынылып отырған бағдарламаның маңызды

айырмашылығы – педагог-логопедтің кәсіби қызметін ұйымдастыруға кешенді көзқарас. Ол жұмыстың барлық кезеңін – диагностикалаудан бастап түзету әдістерін таңдауға, нәтижелерді мониторингтеуге және өткізілген шаралардың тиімділігін бағалауға дейін қамтиды. Ұқсас бағдарламалар, әдетте, логопедиялық жұмыстың жекелеген аспектілеріне ғана назар аударады және оны жүйелі түрде қарастырмайды.

Үшіншіден, бұл курстың бірегей ерекшелігі – педагог-логопедтердің авторлық бағдарламалар мен әдістемелік материалдарды әзірлеу, сондай-ақ нақты педагогикалық жағдайларды талдау дағдыларын іс жүзінде меңгеруге бағытталған модульдің енгізілуі. Мұндай құзыреттілік өзге бағдарламаларда сирек кездеседі және педагогтің әдістемелік дербестігін дамытуға ықпал етеді.

Бұдан бөлек, бағдарламада күрделі бұзылыстары бар балалармен, соның ішінде аутистік спектр бұзылыстары, тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары, зият және есту қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері ескерілген. Көптеген ұқсас курстар бір бағдарлама аясында мұндай жан-жақты және егжей-тегжейлі дайындықты ұсынбайды.

Жүргізілген талдау нәтижесінде Қазақстан Республикасының қосымша педагогикалық білім беру жүйесінде мұндай инновациялық тәсілдер мен әдістемелік шешімдер кешенін қамтитын бағдарламалар жоқ екені анықталды. Бұл ұсынылып отырған педагог-логопедтердің біліктілігін арттыру бағдарламасының бірегейлігін, сұранысқа ие екендігін және практикалық маңыздылығын растайды.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның мақсаты:

Логопедиялық көмектің сапасын арттыруға ықпал ететін, сөйлеу бұзылыстарын диагностикалау, заманауи түзету-дамыту технологияларын тиімді қолдану және балалардың сөйлеу дамуы динамикасын объективті бағалау саласында педагог-логопедтің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

Педагог-логопедтердің кәсіби қызметінің заманауи нормативтік-құқықтық және этикалық негіздерін терең түсінуі мен жүйелі білімін қалыптастыру.

Әртүрлі сөйлеу бұзылыстарын кешенді диагностикалау және логопедиялық қорытынды жасау саласындағы педагог-логопедтердің біліктілігін арттыру.

Сенсорлық интеграция, баламалы коммуникация, логомассаж, тейптеу және басқа да түзету-дамыту логопедиялық жұмыстың инновациялық әдістері мен технологияларын меңгеру.

Зият бұзылыстары, есту қабілеті, тірек-қимыл қозғалыс аппараты бұзылған және аутистік спектр бұзылыстары бар балаларды қоса алғанда, мүмкіндіктері шектеулі балаларға логопедиялық қолдау көрсету бойынша педагог-логопедтердің құзыреттілігін арттыру.

Сөйлеу тілі дамуының динамикасын бағалау әдістерін тиімді қолдануға және қажетті логопедиялық құжаттаманы кәсіби жүргізуге үйрету.

Нақты практикалық тәжірибе негізінде авторлық бағдарламалар мен әдістемелік материалдарды әзірлеу арқылы педагог-логопедтердің кәсіби дамуына жағдай жасау.

Күтілетін нәтижелер:

Оқыту аяқталғаннан кейін педагог-логопед:

заманауи сөйлеу бұзылыстарын диагностикалау әдістерінің толық кешенін меңгеріп, логопедиялық қорытындыны кәсіби түрде жасай алады;

түзету-дамыту технологияларын, оның ішінде логопедиядағы заманауи сенсорлық және моторлық тәсілдерді орынды таңдап, қолдана алады;

ерекше білім беруді қажет ететін және күрделі бұзылыстары бар балалардың әртүрлі санаттарымен логопедиялық жұмысты тиімді ұйымдастыра алады;

өз логопедиялық қызметінің тиімділігін кәсіби деңгейде бағалап, сөйлеу дамуы нәтижелері мен динамикасын құжат жүзінде рәсімдей алады;

логопедиялық авторлық бағдарламалар әзірлеу, қорғау және әдістемелік материалдарды жариялау дағдыларын меңгереді.

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы және педагогтердің жұмыс тәжірибесіне әсері:

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы — логопедиялық қызметте заманауи диагностикалық және түзету-дамыту әдістемелерін өз бетінше және тиімді қолдана алатын жоғары білікті педагог-логопедтерді даярлауда.

Оқу нәтижесінде педагог-логопедтер сөйлеу бұзылыстары бар балаларға логопедиялық көмектің сапасын жүйелі түрде арттыра алады және жалпы білім беру процесінің тиімділігін көтереді.

Меңгерілген құзыреттер педагог-логопедке кәсіби міндеттерді жедел әрі сапалы шешуге, әр балаға жеке көзқараспен қарауға және ата-аналармен, әріптестерімен тиімді өзара әрекеттестік орнатуға мүмкіндік береді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Модуль 1. Логопедтің кәсіби және құқықтық негіздері

Модульдің мақсаты:	Педагог-логопедтердің кәсіби қызметін реттейтін құжаттар, кәсіби стандарттар мен этикалық нормалар бойынша кешенді түсінік қалыптастыру.
Модульдің міндеттері:	Педагогтарды арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарымен таныстыру. Педагогтің кәсіби стандарты мен педагог-логопедке қойылатын біліктілік талаптарының мазмұнын ашу. Педагог-логопедтің кәсіби этикалық нормалары мен деонтологиялық қызметінің аспектілерін қарастыру. Педагог-логопедтің мектепке дейінгі, арнайы, жалпы білім беру және қосымша білім беру

	<p>ұйымдарындағы жұмысты ұйымдастыру ерекшеліктерін ұсыну. Педагог-логопедтің кәсіби құжаттамасын жүргізу мен ресімдеу тәртібін меңгеру.</p>
<p>Модульдің нәтижелері: күтілетін</p>	<p>Модульді аяқтағаннан кейін педагог-логопед: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің кәсіби қызметінің нормативтік-құқықтық базасын меңгереді; Педагогтің кәсіби стандартын және өзінің кәсіби қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын біледі және қолданады; Балалармен, олардың ата-аналарымен және әріптестерімен жұмыс барысында кәсіби этикалық нормалар мен деонтологиялық қағидаларды сақтайды; Әртүрлі білім беру ұйымдарындағы логопедиялық көмекті ұйымдастырудың ерекшеліктері мен түрлерін нақты түсінеді; Білім беру ұйымында қажетті логопедиялық құжаттаманы сауатты түрде ресімдейді және жүргізе алады.</p>
<p>Модуль сипаттамасы:</p>	<p>Бұл модуль Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі педагог-логопедтердің кәсіби қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық базаның негізгі ережелерін ашады. Модуль аясында келесі тақырыптар егжей-тегжейлі қарастырылады: Нормативтік-құқықтық құжаттар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамасы, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, бастауыш және орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және педагог-логопедтің қызметін реттейтін өзге де нормативтік актілер. Кәсіби стандарт және педагог-логопедке қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі бекіткен педагогтің кәсіби стандартының педагог-логопедке қатысты талаптары қарастырылады. Біліктілік сипаттамалары, лауазымдық міндеттері, білім мен кәсіби құзыреттерге қойылатын талаптар жан-жақты талданады.</p>

	<p>Кәсіби этика және деонтологиялық нормалар Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің этика кодексінде бекітілген педагог-логопедтің кәсіби мінез-құлық қағидалары мен деонтологиялық нормалары қарастырылады. Педагог-логопедтің рөлі мен жұмыс формалары</p> <p>Педагог-логопедтің әртүрлі білім беру ұйымдарындағы (мектепке дейінгі ұйымдар, арнайы (түзету) ұйымдар, жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдары) жұмыс ерекшеліктері мен формалары талданады. Педагогтер білім беру процесін ұйымдастырудағы айырмашылықтармен, логопедиялық көмектің формаларымен және құжат жүргізу ерекшеліктерімен танысады.</p> <p>Педагог-логопедтің құжаттамасы</p> <p>Логопедиялық құжаттаманың негізгі түрлері мен формалары тәжірибе жүзінде меңгеріледі. Олардың қатарына: логопедиялық топтарға (сыныптарға) балаларды қабылдау және шығару туралы бұйрықтар, педагог-логопедтің лауазымдық нұсқаулықтары, логопед жұмысының ішкі регламенттері, түзете-дамыту бағдарламалары, түзете-дамыту сабақтарының жоспары, логопедиялық қорытындылар, жұмыс нәтижелері туралы есептер мен талдамалық анықтамалар жатады.</p>
--	--

Модуль 2. Логопедиялық диагностика әдістері мен тәсілдері

Модульдің мақсаты:	Балалардағы сөйлеу тілі бұзылыстарын диагностикалау саласында педагог-логопедтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, диагностикалық іс-шараларды жүргізудің заманауи әдістемелері мен технологияларын және логопедиялық қорытынды жасауды меңгеру.
Модульдің міндеттері:	Балалардағы сөйлеу тілі бұзылыстарын диагностикалаудың логопедиялық алгоритмін зерделеу.

	<p>Логопедиялық тәжірибеде баланың физикалық және моторлық дамуын бағалау әдістемесін меңгеру.</p> <p>Баланың сөйлеу тілінің даму деңгейін кешенді бағалау техникасын игеру.</p> <p>Сөйлеу тілі бұзылыстарының әртүрлі түрлерін саралап ажырата білу.</p> <p>Диагностика нәтижелері бойынша логопедиялық қорытындыны ресімдеу және құрастыру әдістерін меңгеру.</p>
<p>Модульдің күтілетін нәтижелері:</p>	<p>Оқу аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:</p> <p>Қазақстан Республикасының нормативтік талаптарына сәйкес сөйлеу тілі бұзылыстарын диагностикалаудың логопедиялық алгоритмін меңгереді;</p> <p>Баланың физикалық, моторлық және сөйлеу дамуын кешенді бағалауды жүргізе алады;</p> <p>Сөйлеу бұзылыстарының түрлері мен деңгейлерін нақты саралап, оларды дұрыс құжаттандыра алады;</p> <p>Қолданыстағы стандарттар мен әдістемелік ұсынымдарға сәйкес логопедиялық қорытындыны құрастыру және ресімдеу дағдыларын меңгереді;</p>
<p>Модуль сипаттамасы:</p>	<p>Бұл модуль Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде педагог-логопедтер қолданатын сөйлеу тілі бұзылыстарын диагностикалаудың заманауи тәсілдерін, әдістемелері мен құралдарын ашады. Модуль аясында келесі тақырыптар жан-жақты қарастырылады:</p> <p>Сөйлеу тілі бұзылыстарын диагностикалаудың логопедиялық алгоритмі</p> <p>Диагностиканың кезең-кезеңмен жүргізілу алгоритмі ұсынылады: анамнез жинау, жалпы моторика мен артикуляциялық аппаратты зерттеу, рецептивті және экспрессивті сөйлеуді зерттеу, алдын ала және қорытынды логопедиялық қорытындыны жасау, әрі қарайғы білім беру тактикасын таңдау.</p> <p>Баланың физикалық және моторлық дамуын логопедиялық бағалау</p> <p>Тыңдаушылар баланың физикалық дамуын, жалпы және ұсақ моториканы, қимыл үйлесімділігі мен артикуляциялық</p>

	<p>моториканың деңгейін бағалау әдістемесін меңгереді. Моториканың сөйлеу дамуына әсері және жиі кездесетін моторлық бұзылыстар қарастырылады.</p> <p>Сөйлеу дамуы деңгейін кешенді бағалау</p> <p>Педагог-логопедтер сөйлеудің әртүрлі компоненттерін кешенді тексерудің әдістемелерін меңгереді: дыбыс айту, фонематикалық қабылдау, сөздік қоры, грамматикалық құрылым және байланыстырып сөйлеу. Қазақстандық педагогикалық практикада бекітілген стандартты диагностикалық материалдар мен іс-шаралар ұсынылады.</p> <p>Сөйлеу тілі бұзылыстарын саралау және логопедиялық қорытынды жасау</p> <p>Сөйлеу тілі бұзылыстарының әртүрлі түрлерін (дислалия, дизартрия, сөйлеудің жалпы дамымауы, тұтықпа, алалия, сөйлеу дамуының кешеуілі және басқа бұзылыстар) саралап диагностикалау шараларын егжей-тегжейлі қарастырылады.</p> <p>Тындаушылар логопедиялық қорытындыны сауатты және әдістемелік тұрғыдан дұрыс ресімдеу дағдыларын меңгереді.</p> <p>Педагогтер жеке және топтық жұмыс түрлерін ұйымдастыру әдістерін, интерактивті және цифрлық білім беру технологияларын қолдану, сабақ құрылымын, түзету-дамыту материалдарын іріктеу, сондай-ақ мектеп жағдайында сабаққа қатысты құжаттаманы жүргізуді меңгереді.</p>
--	---

Модуль 3. Логопедиялық түзету әдістері: мазмұны, құрылымы және қолдану ерекшеліктері

Модульдің мақсаты:	Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларға заманауи білім беру ортасында қолдау көрсетуге бағытталған түзету-дамыту бағдарламаларын жоспарлау және іске асыру саласында педагог-логопедтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.
Модульдің міндеттері:	Педагог-логопедтің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басқа мамандарымен өзара

	<p>әрекеттесуінің психологиялық-педагогикалық аспектілерін зерделеу.</p> <p>Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасының ерекшеліктерімен танысу.</p> <p>Білім алушылардың ата-аналарымен логопедтің тиімді өзара әрекеттесу әдістері мен түрлерін меңгеру.</p> <p>Педагог-логопедтің қолдау процесіне қатысушылармен желілік және пәнаралық ынтымақтастық дағдыларын дамыту.</p> <p>Командалық өзара іс-қимыл тәсілдерін меңгеру және логопедтің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіндегі рөлін анықтау.</p>
<p>Модульдің нәтижелері:</p> <p>күтілетін</p>	<p>Модульді меңгеру нәтижесінде педагог-логопедтер:</p> <p>Балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, түзету-дамыту бағдарламаларын құру әдістемесін меңгереді.</p> <p>Пәнаралық өзара әрекеттесу ерекшеліктері мен логопедтің мамандар тобындағы рөлі туралы нақты түсінікке ие болады.</p> <p>Сөйлеу бұзылыстары бар балалардың ата-аналарымен өзара әрекеттесудің тиімді стратегияларын әзірлей және қолдана алады.</p> <p>Білім беру процесіне қатысушылармен желілік өзара әрекеттесу құзыреттерін және тиімді коммуникация дағдыларын меңгереді.</p>
<p>Модуль сипаттамасы:</p>	<p>Аталған модуль Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында педагог-логопед жүзеге асыратын түзету-дамыту бағдарламаларын жоспарлау және іске асыру мәселелерін қарастырады. Модуль мынадай тақырыптарды қамтиды:</p> <p>ППҚҚ аясында логопедтің өзара әрекетінің психологиялық-педагогикалық аспектілері</p> <p>Педагог-логопедтің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басқа мамандарымен өзара әрекеттесуінің ерекшеліктері мен қағидаттары ашылады. Көпсалалы мамандар командасындағы логопедтің рөлі және оның балаға қолдау көрсету процесіндегі міндеттері жан-жақты қарастырылады.</p>

Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы

Педагогтер әртүрлі сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың негізгі психологиялық және педагогикалық ерекшеліктерін, олардың оқу іс-әрекетіне, мінез-құлқына, эмоционалдық-ерік саласына және әлеуметтік бейімделуіне тигізетін әсерін зерттейді. Сондай-ақ білім беру және түзету бағытындағы жеке сүйемелдеу маршруттарын әзірлеу тәсілдері қарастырылады. Ата-аналармен логопедтің өзара әрекеттесуі: түрлері мен мазмұны

Логопед пен ата-аналар арасындағы тиімді өзара әрекеттесу түрлері ұсынылады: кеңес беру, ата-аналар жиналысы, жеке кездесулер, шеберлік сабақтар, тренингтер. Педагогтер сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларға қолдау көрсетуге және оларды дамытуға бағытталған ата-аналармен жұмыс іс-шараларын ұйымдастыру мен өткізу бойынша практикалық ұсынымдар алады.

Логопедтің қолдау қызметі қатысушыларымен желілік және пәнаралық ынтымақтастығы

Педагог-логопедтің білім беру, медициналық және әлеуметтік мекемелермен желілік және пәнаралық өзара әрекеттесуінің ерекшеліктері қарастырылады. Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларға қолдау көрсететін медициналық ұйымдармен, қоғамдық қорлармен, ресурстық орталықтармен және басқа да құрылымдармен өзара әрекеттесу тетіктері талданады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіндегі командалық тәсіл: логопедтің рөлі

Командалық тәсілді ұйымдастыру қағидаттары, көпсалалы мамандар командасындағы логопедтің рөлі мен міндеттері қарастырылады. Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларға жан-жақты және сапалы көмек көрсету үшін мамандар командасында тиімді өзара әрекеттестікті ұйымдастырудың практикалық кейстері ұсынылады.

Модуль 4. Мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу тілін түзету және логопедиялық қолдау

Модульдің мақсаты:	Қазіргі білім беру ортасында мүмкіндіктері шектеулі балаларға тиімді логопедиялық қолдау ұйымдастыру және іске асыру мәселелері бойынша педагог-логопедтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.
Модульдің міндеттері:	<p>Аутистік спектр бұзылыстары (АСБ), зиятында бұзылыстары, есту және тірек-қимыл қозғалыс аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар балаларға логопедиялық көмекті ұйымдастыру ерекшеліктерін зерделеу.</p> <p>ТҚА бұзылыстары бар балалардың сөйлеуін дамытудағы нейромоторлық аспектілермен таныстыру.</p> <p>Есту қабілеті бұзылған балаларда сөйлеу-есту қабылдауын дамыту кезеңдері мен мазмұнын меңгеру.</p> <p>Күрделі бұзылыстары бар балаларды қолдауда мультидисциплинарлық тәсілді ұйымдастыру ерекшеліктерін қарастыру.</p>
Модульдің нәтижелері:	<p>күтілетін</p> <p>Оқыту нәтижесінде тыңдаушылар:</p> <p>Мүмкіндіктері шектеулі балалардың әртүрлі санаттарына логопедиялық қолдау көрсетуді ұйымдастыру технологияларын меңгереді;</p> <p>ТҚА және зият бұзылыстары бар балалармен жұмыстағы нейромоторлық және психологиялық-педагогикалық аспектілерді біледі;</p> <p>АСБ бар балаларда коммуникативтік және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін тиімді тәсілдерді қолдана алады;</p> <p>Есту қабілеті бұзылған балаларда сөйлеу-есту қабылдауын дамыту бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыра алады;</p> <p>Күрделі бұзылыстары бар балалармен жұмыста мультидисциплинарлық тәсілдерді меңгереді.</p>
Модуль сипаттамасы:	Бұл модуль мүмкіндіктері шектеулі балаларға логопедиялық қолдау көрсету мәселелерін, сондай-ақ бұзылыс түрлерінің ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс жүргізудің мазмұнын қамтиды.

АСБ бар балалармен логопедиялық жұмыс: коммуникация мен бірлескен әрекетті дамыту

АСБ бар балаларда коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған заманауи тәсілдер қарастырылады: бірлескен назарды қалыптастыру әдістері, баламалы және қосымша коммуникация (БҚК) құралдары, құрылымдалған оқыту мен визуалды қолдауды қолдану. Коммуникациялық стратегияларды сәтті қолданудың практикалық кейстері ұсынылады.

ТҚА бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілін дамыту: нейромоторлық аспектілер

Қозғалыс функцияларының бұзылуына байланысты сөйлеу тілі бұзылыстарының нейромоторлық тетіктері қарастырылады. Логопедиялық массаж, артикуляциялық гимнастика, сенсорлық интеграция және моториканы, сөйлеу белсенділігін дамытуға бағытталған басқа да әдістер меңгеріледі.

Зият бұзылыстары бар балалармен түзету-дамыту жұмыс ерекшеліктері

Зият бұзылыстары бар балалармен логопедиялық сабақтарды ұйымдастыру ерекшеліктері талданады. Педагогтер балалардың психофизикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу материалдары мен жаттығуларды іріктеу және бейімдеу дағдыларын меңгереді. Негізгі коммуникативтік және сөйлеу дағдыларын дамыту әдістемелері қарастырылады.

Есту қабілеті бұзылған балалармен логопедиялық жұмыс: сөйлеу-есту қабылдауын қалыптастыру кезеңдері

Есту қабілеті бұзылған балаларда сөйлеу мен есту қабылдауын қалыптастыру ерекшеліктері мен кезеңдері ашылады. Тыңдаушылар аудиовизуалды оқыту әдістерін, сөйлеу қабылдау және қайта жаңғырту әдістерін, сурдопедагогтар мен ата-аналармен бірлескен жұмысты ұйымдастыру қағидағтарын меңгереді.

Күрделі бұзылыстары бар балаларды қолдау: мультидисциплинарлық тәсілдер

Күрделі бұзылыстары бар балаларға қолдау

	қызметін ұйымдастыру қағидаттары ашылады. Педагогтер командалық тәсіл, психологтармен, дефектологтармен, медицина мамандарымен, ата-аналармен және басқа да білім беру процесіне қатысушылармен тиімді өзара әрекеттесу дағдыларын меңгереді.
--	---

Модуль 5. Практикалық логопедия: сабақ жүргізу технологиясы

Модульдің мақсаты:	Педагог-логопедтердің қазіргі заманғы технологияларды, мотивациялық тәсілдерді және ата-аналармен серіктестік өзара әрекеттесуді ескере отырып, логопедиялық сабақтарды тиімді ұйымдастыру және өткізу саласындағы кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.
Модульдің міндеттері:	Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес логопедиялық сабақтың құрылымы мен кезеңдері туралы білімді жүйелеу. Сабаққа ойын элементтері мен мотивациялық тәсілдерді енгізу әдістері мен тәсілдерін меңгеру. Логопедиялық практикада визуалды және сенсорлық материалдарды қолдану технологияларын меңгеру. Жеке және топтық сабақтарды ұйымдастырудың ерекшеліктерін зерттеу. Ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесуді үйрену, олардың білім беру процесіне белсенді қатысуын ұйымдастыру.
Модульдің нәтижелері:	күтілетін Оқу аяқталғаннан кейін тыңдаушы: Логопедиялық сабақтың құрылымын, кезеңдерінің реттілігі мен мазмұнын біледі; Баланың сабаққа қызығушылығы мен белсенділігін арттыру үшін ойын және мотивациялық тәсілдерді қолдана алады; Сабақ барысында визуалды және сенсорлық материалдарды пайдалану техникасын меңгереді; Логопедиялық жұмыстың оңтайлы форматын (жеке немесе топтық) таңдап, жүзеге асыра алады; Ата-аналармен өзара әрекеттесуді жоспарлап,

	<p>үйде орындалатын тапсырмаларды әзірлей алады.</p>
<p>Модуль сипаттамасы:</p>	<p>Бұл модуль педагог-логопедтерді практикалық тұрғыдан даярлауға бағытталған және логопедиялық сабақтарды тиімді ұйымдастыру бойынша жүйелі түсінік береді. Логопедиялық сабақтың құрылымы мен кезеңдері</p> <p>Сабақтың дайындық, негізгі және қорытынды кезеңдерін қамтитын құрылымы ұсынылады. Сабақтың мақсаты мен міндеттерін жоспарлауға, тиісті түзету материалдарын таңдауға және сөйлеу тілі дамуының динамикасын әр кезеңде диагностикалауға ерекше назар аударылады.</p> <p>Сабақтағы ойын элементтері мен мотивациялық тәсілдер</p> <p>Педагогтер балалардың сөйлеу белсенділігін арттыру үшін ойындар мен ойын тәсілдерін қолдану әдістерін меңгереді. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жағымды психологиялық ахуал туғызуға және қызығушылықты сақтауға мүмкіндік беретін мотивациялық стратегиялар қарастырылады.</p> <p>Визуалды және сенсорлық материалдарды қолдану ерекшеліктері</p> <p>Модульде визуалды (суреттер, сызбалар, бейнематериалдар) және сенсорлық (логопедиялық зондтар, сенсорлық қораптар, түрлі текстуралар) материалдарды іріктеу және тиімді пайдалану технологиялары мен қағидағтары қарастырылады. Бұл материалдарды қолдану балалардың сенсорлық қабылдауын және сөйлеуін белсендіру мақсатында қарастырылады.</p> <p>Логопедиялық жұмысты ұйымдастыру форматы: жеке және топтық сабақтар</p> <p>Педагогтер логопедиялық сабақтарды жеке және топтық түрде ұйымдастырудың ерекшеліктерін, олардың артықшылықтары мен шектеулерін зерттейді. Түзету-дамыту жұмысының мақсатына, балалардың жас және сөйлеу ерекшеліктеріне қарай оңтайлы форматты таңдау критерийлері қарастырылады.</p>

	<p>Ата-аналармен серіктестік: үй тапсырмаларын жоспарлау және қолдау</p> <p>Логопедтің ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесу түрлері: кеңес беру, үй тапсырмаларын бірлесіп жоспарлау қарастырылады. Педагогтер білім беру процесіне ата-аналарды белсенді тартуды қамтамасыз ететін жағымды серіктестік орнатуды, отбасына кеңес беруді және қолдау көрсету дағдыларын қалыптастырады.</p>
--	---

Модуль 6. Педагог-логопед қызметіндегі мониторинг, құжаттама және кәсіби даму стратегиялары

Модульдің мақсаты:	Педагог-логопедтің кәсіби құзыреттілігін сөйлеу тілі дамуының динамикасын мониторингтеу және бағалау, құжаттаманы сауатты жүргізу, кәсіби және әдістемелік дамудың жеке стратегияларын әзірлеу салаларында арттыру.
Модульдің міндеттері:	<p>Балалардың сөйлеу тілі дамуының динамикасын жүйелі түрде мониторингтеу және бағалау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық талаптарына сәйкес логопедиялық құжаттаманы жүргізу әдістемесін меңгеру.</p> <p>Логопедиялық практиканың нәтижелерін нақты кейстер негізінде талдау және жалпылау технологияларын зерттеу.</p> <p>Авторлық бағдарламалар мен әдістемелік материалдарды әзірлеу дағдыларын дамыту.</p> <p>Soft skills және hard skills бағыттарында педагог-логопедтердің кәсіби өсуіне ықпал ету.</p>
Модульдің нәтижелері:	<p>Модульді меңгеру нәтижесінде педагогтер: Сөйлеу тілі дамуының динамикасын бақылап, алынған нәтижелерді сауатты түрде интерпретациялай алады.</p> <p>Қолданыстағы талаптарға сай логопедиялық құжаттаманы дұрыс ресімдеп, жиі жіберілетін қателіктерден аулақ бола алады.</p> <p>Логопедиялық жұмыстың практикасынан алынған кейстерді талдап, тиімді тәсілдер мен</p>

	<p>әдістерді қолдана алады.</p> <p>Авторлық бағдарламалар, әдістемелік құралдар мен ұсыныстар әзірлеп, кәсіби алаңдарда таныстыра алады.</p> <p>Кәсіби дамудың бағытын анықтап, өз кәсіби дағдылары мен жеке құзыреттіліктерін жетілдіреді.</p>
<p>Модуль сипаттамасы:</p>	<p>Модуль педагог-логопедтердің түзету-дамыту жұмысының нәтижелерін мониторингтеу, құжаттаманы сауатты ресімдеу, авторлық әдістемелік материалдарды әзірлеу және кәсіби дамудың жеке стратегияларын қалыптастыру саласындағы кәсіби және әдістемелік құзыреттерін дамытуға бағытталған.</p> <p>Логопедтің кәсіби дамуы: ППҚҚ жағдайында hard skills және soft skills құзыреттерін дамыту</p> <p>Түзету-дамыту және диагностикалық технологияларды қамтитын кәсіби әдістемелер (hard skills) және коммуникативтік, ұйымдастырушылық дағдылар, эмоциялық интеллект, командалық жұмыс дағдылары (soft skills) қарастырылады.</p> <p>Бұл құзыреттерді психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі шеңберінде іске асыруға баса назар аударылады.</p> <p>Сөйлеу дамуы динамикасын бағалау және түзету жұмысының тиімділігін талдау</p> <p>Тыңдаушылар сөйлеу дамуының динамикасын бағалау, аралық және қорытынды нәтижелерді диагностикалау әдістерін меңгереді. Мониторинг деректерін талдау мен интерпретациялау, алынған нәтижелер негізінде оқу қызметін түзету әдістері оқытылады.</p> <p>Логопедиялық құжаттаманы жүргізу: бағдарламалар, үлгілер және жиі жіберілетін қателіктер</p> <p>Педагог-логопедке міндетті құжаттаманың түрлері мен құрылымы ашылады (жеке және топтық жоспарлар, даму карталары, аналитикалық есептер, қорытындылар).</p> <p>Құжаттарды толтыру барысында жиі кездесетін қателіктердің мысалдары мен</p>

	<p>оларды болдырмау жолдары қарастырылады. ҚР нормативтік актілерімен ұсынылған құжаттар үлгілері ұсынылады.</p> <p>Логопедтің кәсіби дамуы: авторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды әзірлеу</p> <p>Оқу бағдарламаларын, әдістемелік құралдар мен дидактикалық материалдарды әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар ұсынылады.</p> <p>Педагогтер өз әдістемелік өнімдерін рәсімдеуді және оларды кәсіби іс-шараларда қорғауды меңгереді.</p> <p>Нақты диагностикалық және түзету тәжірибесіне негізделген логопедиялық кейстер</p> <p>педагог-логопедтер нақты практикалық жағдайларды талдауға, проблемалық жағдайларды талқылауға және тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік алады.</p> <p>Кейс-технология логопедтің жұмыс тәжірибесін жүйелеуге ықпал етеді, кәсіби құзыреттілігі мен сенімділігін арттырады.</p> <p>Бұл модуль педагог-логопедтердің кәсіби қызметін мониторингтеу және құжаттамамен қамтамасыз ету саласында кешенді даярлығын қамтамасыз етеді, әдістемелік бастамашылықты дамытуға және Қазақстан Республикасының кәсіби стандарттары шеңберінде өзіндік талдау мен өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.</p>
--	--

	Сабақтың тақырыбы	Дәрістер	Практикалық сабақтар	Семинарлар	Барлығы
1	Модуль 1. Логопед қызметінің кәсіби және құқықтық негіздері				9
1.1	Қазақстан Республикасындағы педагог-логопед қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық құжаттар	1	1	1	3
1.2	Педагогтің кәсіби стандарты және педагог-логопедке қойылатын біліктілік талаптары	1	1	1	3
1.3	Педагог-логопедтің кәсіби этикасы және деонтологиялық нормалар	1	1	1	3
2	Модуль 2. Логопедиялық диагностика әдістері мен тәсілдері				9
2.1	Сөйлеу тілінің бұзылыстарын диагностикалаудың логопедиялық алгоритмі	1	1	1	3
2.2	Баланың физикалық және моторлық дағдыларын логопедиялық бағалау	1	1	1	3
2.3	Баланың танымдық және сенсорлық функцияларын диагностикалау	1	1	1	3
3	Модуль 3. Логопедиялық түзету әдістері: мазмұны, құрылымы және қолдану ерекшеліктері				18
3.1	Логопедиялық түзету жұмысының жалпы құрылымы мен кезеңдері	2	2	2	6
3.2	Дыбыс айту бұзылыстарын түзету әдістері	2	2	2	6
3.3	Сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық құрылымын дамыту технологиялары	2	2	2	6
4	Модуль 4. Мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу тілін түзету және логопедиялық қолдау				16

4.1	Аутистік спектр бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыс: коммуникация және бірлескен әрекет дағдылары	2	2	2	6
4.2	Тірек қимыл қозғалыс аппараты зақымдалған балалардың сөйлеу тілін дамыту: нейромоторлық аспектілер	2	2	2	6
4.3	Зияты зақымдалған балалардың сөйлеу тілін түзете-дамыту ерекшеліктері	1	1	2	4
5	Модуль 5. Практикалық логопедия: сабақ жүргізу технологиясы				16
5.1	Логопедиялық сабақтың құрылымы мен кезеңдері	2	2	2	6
5.2	Логопедиялық сабақтағы ойын элементтері мен мотивациялық тәсілдер	2	2	2	6
5.3	Логопедиялық сабақтағы визуалды және сенсорлық материалдарды қолдану ерекшеліктері	1	1	2	4
6	Модуль 6. Педагог-логопед қызметіндегі мониторинг, құжаттама және кәсіби даму стратегиялары				12
6.1	Сөйлеу тілінің даму динамикасын бағалау және түзету жұмысының тиімділігін саралау	2	1	1	4
6.2	Логопедтік құжаттаманы жүргізу: бағдарламалар, үлгілер және жиі кездесетін қателер	2	1	1	4
6.3	Есеп пен баяндаманы сауатты дайындау және нәтиже қорғау дағдылары	2	1	1	4
Барлығы					80

108 академиялық сағатқа арналған аудиториялық оқытудың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Дәрістер	Практикалық сабақтар	Семинарлар	Барлығы
1	Модуль 1. Логопед қызметінің кәсіби және құқықтық негіздері				15
1.1	Қазақстан Республикасындағы педагог-логопед қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық құжаттар	1	1	1	3

1.2	Педагогтің кәсіби стандарты және педагог-логопедке қойылатын біліктілік талаптары	1	1	1	3
1.3	Педагог-логопедтің кәсіби этикасы және деонтологиялық нормалар	1	1	1	3
1.4	Педагог-логопедтің әртүрлі білім беру ұйымдарындағы рөлі мен жұмыс формалары: МДҰ, арнайы білім беру ұйымдары, жалпы және қосымша білім беру ұйымдары	1	1	1	3
1.5	Педагог-логопед жүргізетін құжаттар: бұйрықтар, қызметтік сипаттамалар, ішкі ережелер мен регламенттер	1	1	1	3
2	Модуль 2. Логопедиялық диагностика әдістері мен тәсілдері				15
2.1	Сөйлеу тілінің бұзылыстарын диагностикалаудың логопедиялық алгоритмі	1	1	1	3
2.2	Баланың физикалық және моторлық дағдыларын логопедиялық бағалау	1	1	1	3
2.3	Баланың танымдық және сенсорлық функцияларын диагностикалау	1	1	1	3
2.4	Жалпы сөйлеу тілінің даму деңгейін кешенді бағалау	1	1	1	3
2.5	Сөйлеу тілі бұзылыстарын ажырату және логопедиялық қорытынды жазу	1	1	1	3
3	Модуль 3. Логопедиялық түзету әдістері: мазмұны, құрылымы және қолдану ерекшеліктері				19
3.1	Логопедиялық түзету жұмысының жалпы құрылымы мен кезеңдері	1	1	1	3
3.2	Сөйлеу тілі бұзылыстарын түзету әдістері (дыбыс айту бұзылыстары, дизартрия, ринолалия, оқу және жазу бұзылыстары, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, тұтықпа)	1	1	2	4
3.3	Сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық құрылымын дамыту технологиялары	2	1	1	4
3.4	Коммуникативті дағдыларды дамыту әдістері: альтернативті және қосымша коммуникация	1	2	1	4
3.5	Инновациялық және кинестетикалық тәсілдер: логомассаж, тейптеу, сенсорлық қолдау	1	1	2	4
4	Модуль 4. Мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу тілін түзету және логопедиялық қолдау				19

4.1	Аутистік спектр бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыс: коммуникация және бірлескен әрекет дағдылары	1	1	1	3
4.2	Тірек қимыл қозғалыс аппараты зақымдалған балалардың сөйлеу тілін дамыту: нейромоторлық аспектілер	2	1	1	4
4.3	Зияты зақымдалған балалардың сөйлеу тілін түзете-дамыту ерекшеліктері	2	1	1	4
4.4	Есту қабілеті зақымдалған балалармен логопедиялық жұмыс: есту арқылы сөйлеуді қалыптастыру кезеңдері	2	1	1	4
4.5	Күрделі бұзылыстары бар балаларды логопедиялық қолдау: мультидисциплинарлық тәсілдер	2	1	1	4
5	Модуль 5. Практикалық логопедия: сабақ жүргізу технологиясы				20
5.1	Логопедиялық сабақтың құрылымы мен кезеңдері	1	1	2	4
5.2	Логопедиялық сабақтағы ойын элементтері мен мотивациялық тәсілдер	2	1	1	4
5.3	Логопедиялық сабақтағы визуалды және сенсорлық материалдарды қолдану ерекшеліктері	1	2	1	4
5.4	Логопедиялық жұмысты ұйымдастыру форматтары: топтық және жеке сабақ	1	1	1	3
5.5	Педагог-логопед пен ата-ана арасындағы серіктестік: үй тапсырмасын жоспарлау және қолдау	2	1	1	4
6	Модуль 6. Педагог-логопед қызметіндегі мониторинг, құжаттама және кәсіби даму стратегиялары				20
6.1	Сөйлеу тілінің даму динамикасын бағалау және түзету жұмысының тиімділігін саралау	1	1	2	4
6.2	Логопедтік құжаттаманы жүргізу: бағдарламалар, үлгілер және жиі кездесетін қателер	2	1	1	4
6.3	Есеп пен баяндаманы сауатты дайындау және нәтиже қорғау дағдылары	1	2	1	4
6.4	Логопедтің кәсіби дамуы: авторлық бағдарлама мен әдістемелік құрал әзірлеу жолдары	1	1	2	4
6.5	Диагностикалық және түзету тәжірибесіне негізделген нақты логопедиялық кейстер	1	1	2	4
Барлығы					108

80 академиялық сағатқа арналған қашықтан оқытудың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Бейнес абактар	Вейна рлар	Қатысушының өзінің жұмысы	Барлығы
1	Модуль 1. Логопед қызметінің кәсіби және құқықтық негіздері				9
1.1	Қазақстан Республикасындағы педагог-логопед қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық құжаттар	1	1	1	3
1.2	Педагогтің кәсіби стандарты және педагог-логопедке қойылатын біліктілік талаптары	1	1	1	3
1.3	Педагог-логопедтің кәсіби этикасы және деонтологиялық нормалар	1	1	1	3
2	Модуль 2. Логопедиялық диагностика әдістері мен тәсілдері				9
2.1	Сөйлеу тілінің бұзылыстарын диагностикалаудың логопедиялық алгоритмі	1	1	1	3
2.2	Баланың физикалық және моторлық дағдыларын логопедиялық бағалау	1	1	1	3
2.3	Баланың танымдық және сенсорлық функцияларын диагностикалау	1	1	1	3
3	Модуль 3. Логопедиялық түзету әдістері: мазмұны, құрылымы және қолдану ерекшеліктері				18

3.1	Логопедиялық түзету жұмысының жалпы құрылымы мен кезеңдері	2	2	2	6
3.2	Сөйлеу тілі бұзылыстарын түзету әдістері (дыбыс айту бұзылыстары, дизартрия, ринолалия, оқу және жазу бұзылыстары, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, тұтықпа)	2	2	2	6
